

**М.Өтемісов атындағы Батыс  
Қазақстан университеті  
Ғылыми кеңесінің  
№4 ХАТТАМАСЫ  
29 желтоқсан 2025 ж.**

**Западно-Казахстанский  
университет им. М.Утемисова  
заседание ученого совета  
ПРОТОКОЛ №4  
29 декабря 2025 г.**

**Өткен орны: 205-мәжіліс залы**

**Кеңес төрағасы – Н.Х.Серғалиев**

**Ғылыми хатшы - А.С. Ниетова**

**Қатысқандар: ғылыми кеңестің 19 мүшесі**

**Қатыспағандар: ғылыми кеңестің 2 мүшесі (себепті)**

**Шақырылғандар: бөлім жетекшілері, білім беру бағдарламаларының жетекшілері, кафедра меңгерушілері**

#### **КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті ғылыми кітапханасының жылдық есебі. *Т.Е. Алимбекерова - ғылыми кітапхана директоры*
2. Университет қызметін интернационалдандырудың нәтижелері мен келешегі туралы. *В.С. Зубков - халықаралық қатынастар және көптілділік бөлімінің жетекшісі*
3. Ағымдағы мәселелер
  - 3.1. PhD доктор К.Р.Кажимова мен п.ғ.д., профессор Д. Подгурской-Яхниктің «Ethnopedagogy in the professional training of inclusive education teachers» атты монографиясын баспаға ұсыну туралы. *А.С. Ниетова – ғылыми хатшы*
  - 3.2. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде шетел азаматтарына арналған тілдік даярлық курстарын (FOUNDATION) ұйымдастыру тәртібі туралы ережені бекіту туралы. *А.С.Аманбаев - маркетинг және кәсіби бағдар орталығының жетекшісі*

#### **ТЫҢДАЛДЫ:**

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ғылыми кітапхана директоры Т.Е. Алимбекерованың М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті ғылыми кітапханасының жылдық есебі тыңдалды (есеп мәтіні тіркелді).

Кеңес төрағасы Н.Х.Серғалиев – кітапхана қорын цифрландыру, сирек кітаптарды сканерлеу неше пайыз?

Ғылыми кітапхана директоры Т.Е. Алимбекерова – 2025 жылы кітапхана қорын цифрландыру 1,7 %, стратегиялық жоспарға сәйкес жылына 100 кітапты цифрландыру керекпіз, дегенмен одан артық орындап отырмыз.

Кеңес төрағасы Н.Х.Серғалиев – сканеріңіз бар неге көбірек цифрландыра бермеске, кітапхана қоры бір миллионнан асады, егер осылай асықпай жасалса, оған қанша уақыт кетеді, қанша аталымда кітап бар?

Ғылыми кітапхана директоры Т.Е. Алимбекерова – кітап қоры миллионнан асқанмен аталым одан аз, қазір қанша аталым екенін нақты айта алмаймын.

### СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Кеңес төрағасы Н.Х.Серғалиев жаңа жылдан кейін, кітапханада қанша аталымда кітап барлығы және жылына қанша қаражат жұмсалып алынып жатқан басылымдарды ПОҚ оқымаса кім оқитынын айтып, ПОҚ-тың кітапхана келуі, сонымен қатар білім беру бағдарламалары шегінде олардың оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтылуы жөнінде нақты ақпарат беруді ескертіп, Скопус қорында жарияланған мақалаларда университет атауының дұрыс жазылуын қадағалауды ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор мен ғылыми кітапхана директорына тапсырып, қаулы жобасының кеңес мүшелеріне алдын ала жіберілгеніне тоқталып, жобаға қандай да бір алып-қосары бола ма деп сұрады.

Ғылыми кеңес мүшесі А. Ақболатов кеңес мүшелерінің М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті ғылыми кітапханасының жылдық есебінің қаулы жобасымен алдын ала танысқандарын айтып, дауысқа салуды ұсынды.

Ғылыми кеңес мүшелері ұсынысты талдап, дауысқа салып, бірауыздан қолдады.

### ҚАУЛЫ:

1. Оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттер қорын толықтыру жалғастырылсын.  
**Жауапты:** ғылыми кітапхана жетекшісі  
**Мерзімі:** ақпан 2026 ж.  
**Аяқталу түрі:** толықтырылған кітапхана қоры  
**Қаржыландырылуы:** 10 000 000,00 тг.
2. Ғылыми жарияланымдарды жүйелеу және деректер қорларында дұрыс көрсету жұмысы аяқталсын.  
**Жауапты:** ғылыми кітапхана жетекшісі  
**Мерзімі:** қаңтар 2026 ж.  
**Аяқталу түрі:** Web of Science деректер қорында университет профилінің жаңаруы. Ғылыми жарияланымдардың жүйеленуі
3. Электронды ресурстар кеңейтіліп қолдануы арттырылсын.  
**Жауапты:** ғылыми кітапхана жетекшісі  
**Мерзімі:** қаңтар 2026 ж.  
**Аяқталу түрі:** «Заң/Закон», «Эпиграф», Республикалық жоғары оқу орындарының электрондық кітапханасына (РЖООЭК) қолжетімділігі қамтамасыз етілсін.  
**Қаржыландырылуы:** 5 548 965,48 тг.
4. Қорды басқару және түгендеу жұмыстары жалғастырылсын.  
**Жауапты:** ғылыми кітапхана жетекшісі  
**Мерзімі:** желтоқсан 2026 ж.

- Аяқталу түрі:** Электронды/дәстүрлі каталогтардың редакциясы
5. Мәдени-ағартушылық және оқырмандарды тарту жұмысы оздырылсын.
- Жауапты:** ғылыми кітапхана жетекшісі
- Мерзімі:** желтоқсан 2026 ж.
- Аяқталу түрі:** Оқырмандардың кітапханаға келу белсенділігі мен оқу қызығушылығының арттыруы
6. Қаулының орындалуын бақылау ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Қ.М.Ахмеденовке жүктелсін.

#### ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша халықаралық қатынастар және көптілділік бөлімінің жетекшісі В.С. Зубковтың университет қызметін интернационалдандырудың нәтижелері мен келешегі туралы ақпараты тыңдалды (ақпарат мәтіні тіркелді).

Сапа және аккредиттеу бөлімінің жетекшісі А.А. Кульжумиева – факультеттер 2026 жылға алыс шет елдерге академиялық ұтқырлық жоспарлады ма?

Кеңес төрағасы Н.Х.Серғалиев – сұрағыңыз орынды, дегенмен бұған қазір Владислав Сергеевич нақты жауап бере алмайтын болар, өйткені халықаралық қатынастар және көптілділік бөлімі факультеттерге қай елге, қандай оқу орнына ұтқырлыққа баруға болатынын анықтап береді, ал қалған жұмысты ұйымдастырып, қанша адам қайда академиялық ұтқырлыққа баратынын факультет декандары білуі керек.

#### СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Кеңес төрағасы Н.Х.Серғалиев Финляндияның Хяме қолданбалы ғылымдар университетімен байланысты жандандыру қажеттігін, ГИТИС-пен келісімшартқа қол қойылғанын, енді онымен қандай жұмыстар жүргізіліп жатыр, соны реттеуді, университетте шығыс ұтқырлықтан гөрі кіріс ұтқырлықтың көбірек болуы керектігіне назар аударып, халықаралық байланыс пен интернационалдандыруда алға жылжу болғанымен жай жүріп жатқанын атап көрсетіп, бұл бағыттағы жұмысты белсендіруді ескертіп, ақпаратты осы ескертуді ескере отырып негізге алуды ұсынды.

Ғылыми кеңес мүшелері ұсынысты талдап, ақпаратты негізге алуды дауысқа салып бірауыздан қолдады.

#### ҚАУЛЫ:

Ақпарат негізге алынсын.

#### Ағымдағы мәселелер

#### ТЫҢДАЛДЫ:

Ғылыми хатшы А.С.Ниетова ғылыми кеңес мүшелерін PhD доктор К.Р.Кажимова мен п.ғ.д., профессор Д. Подгурской-Яхниктің «Ethnopedagogy in the professional training of inclusive education teachers» атты монографиясын

баспаға ұсыну туралы кеңес төрағасының атына келіп түскен өтінішімен таныстырып, құжаттарының талапқа сай ресімделгеніне, сарапшылар комиссиясының оң қорытындысы берілгеніне тоқтала отырып, ұсынысты қолдауды сұрады (қажетті құжаттар тіркелді).

Ғылыми кеңес мүшелері ұсынысты талдап, дауысқа салып бірауыздан қолдады.

#### ҚАУЛЫ:

PhD доктор К.Р.Кажимова мен п.ғ.д., профессор Д. Подгурской-Яхниктің «Ethnopedagogy in the professional training of inclusive education teachers» атты монографиясы баспаға ұсынылсын.

#### ТЫҢДАЛДЫ:

Маркетинг және кәсіби бағдар орталығының жетекшісі А.С. Аманбаев кеңес мүшелеріне М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде шетел азаматтарына арналған тілдік даярлық курстарын (FOUNDATION) ұйымдастыру тәртібі туралы ережені таныстырып, оның тиісті құрылымдық бөлім жетекшілері, проректорлар, бас есепші және заңгермен келісілгеніне, алдын ала танысу үшін ғылыми кеңес мүшелеріне жіберілгеніне тоқтала келе, аталған ережені бекітуді сұрады (ереже мәтіні тіркелді).

#### СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Қ.М. Ахмеденов аталған ереженің университетке оқуға келетін шетелдік азаматтардың қазақ немесе орыс тілін шет тілі ретінде меңгеруі үшін жасалғанына, оқу мерзімі 9 айды (бір академиялық оқу жылы: қыркүйек-мамыр) немесе 6 айды (бір академиялық оқу семестрі: қаңтар-маусым) құрайтынын, дәрісханалық жүктеме: аптасына 8 сағат (жылына 16 кредит) немесе аптасына 4 сағат (жылына 8 кредит) көлемінде, топ құрамы: 8-10 шетелдік студент болып, оқыту тек күндізгі оқу нысанында жүзеге асырылатынына тоқтала келе, ережені бекітуді қолдайтынын білдірді.

Ғылыми кеңес мүшелері М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде шетел азаматтарына арналған тілдік даярлық курстарын (FOUNDATION) ұйымдастыру тәртібі туралы ережені бекіту туралы ұсынысты талдап, дауысқа салып бірауыздан қолдады.

#### ҚАУЛЫ:

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде шетел азаматтарына арналған тілдік даярлық курстарын (FOUNDATION) ұйымдастыру тәртібі туралы ереже бекітілсін.

Кеңес төрағасы:



Н.Х.Серғалиев

Ғылыми хатшы:



А.С.Ниетова

**М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті ғылыми кеңесінің  
2025 – 2026 оқу жылындағы**

**қатысу парағы**

**29.12.2025 ж.**

№	Аты-жөні	Лауазымы	Қатысуы
1.	Серғалиев Нұрлан Хабиболлаұлы	басқарма төрағасы-ректор	
2.	Рысбеков Тұяқбай Зейітұлы	тарих ғылымдарының докторы, академик	себебті
3.	Қайсағалиева Гүлжахан Смайылқызы	академиялық мәселелер бойынша проректор	Жауап -
4.	Ахмеденов Қажымұрат Максотұлы	ҒЖ және ХБ жөніндегі проректор	
5.	Сүлейменов Мерген Қуанышұлы	ТЖ және ӘМ жөніндегі проректор	
6.	Бекжанова Жадыра Мұратқызы	БҚО білім басқармасы мектеп бөлімінің басшысы	себебті
7.	Хусаинов Мерғали Серғазыұлы	ардагерлер кеңесінің төрағасы	
8.	Ниетова Айгүл Серікқызы	ғылыми хатшы	
9.	Қажиахметов Салауат Абайұлы	кәсіподақ ұйымының төрағасы	
10.	Есенғалиева Алмагүл Нәсіпқалиқызы	физика-математика факультеті деканының м.а.	
11.	Тұрғымбаев Ақан Асқарұлы	жаратылыстану-география факультетінің деканы	
12.	Ерғалиева Гүлжан Алғазықызы	педагогика факультетінің деканы	
13.	Қажымова Қарлығаш Рахымқызы	мәдениет және өнер факультетінің деканы	
14.	Ақболатов Айдарбек Ахметұлы	филология факультетінің деканы	
15.	Испулова Роза Нәбиқызы	педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент	
16.	Искакова Балым Габбасқызы	экономика ғылымдарының кандидаты, доцент	
17.	Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы	педагогика ғылымдарының докторы, профессор	
18.	Кульжумиева Айман Амангелдіқызы	физика-математика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент)	
19.	Сагидуллаев Дарын Зайнуллаұлы	БҚУ жас ғалымдар кеңесінің төрағасы	
20.	Ибатова Айнара Айтқалиқызы	музыкалық білім беру бағдарламасы- ның 1-курс магистранты	
21.	Нұрболат Нұржол Ерланұлы	физика-математика факультетінің 3-курс студенті, студенттік ректор	